«СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ «ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ АТЫНДАҒЫ АУДАННЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ РАЙОНА ИМЕНИ ГАБИТА МУСРЕПОВА» КОММУНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2026 ж 29 шілде

№ 468

Новоишим ауылы

село Новоишимское

«Мектепке жол» акциясын өткізу туралы

Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңының 65 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2026 жылғы 24 шілдедегі хаты негізінде, балаларды есепке алуды және оқумен толық қамтуды тиісінше қамтамасыз ету, оқу жылының басына дайындық кезінде аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

білім мекемелерінің директорларына:

1. 2026 жылғы 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін әлеуметтік қорғалмаған отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсетуге және 1 қыркүйекте әлеуметтік себептер бойынша мектепке келмеуінің алдын алуына бағытталған «Мектепке жол» акциясын өткізсін;

2. Ғабит Мүсірепов ауданы әкімдігінің бекіткен «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясын ұйымдастыру және өткізу бойынша аудандық іс шаралар жоспары орындалуға қабылдансын;

3. педагогикалық ұжымдар, қамқоршылық кеңестер, ата–аналар жұртшылығы, құқық қорғау, денсаулық сақтау органдарының қызметкерлері және басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың әр елді мекенде мектеп жасындағы балаларды есепке алу бойынша рейдтер өткізу жөніндегі бірігіп жұмыс ұйымдастырылсын, 9 сынып түлектерін еңбекпен қамтуға және оларды оқытуға көңіл бөлінсін;

4. кәсіпорындар және атқарушы орган ұйымдарының жетекшілері аз қамтылған немесе көпбалалы отбасыдан шыққан оқушыларды оқу құралдарымен, киім-кешек, аяқ киіммен қамтамасыз ету бойынша практикалық жәрдем көрсетуге бекітілсін (*келісім бойынша*);

5. оқушылардың сабаққа келуін, бастауыш сынып оқушыларының, көп балалы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың

*Сериялық нөмірсіз бланк ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛАДЫ.
*Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН.

007573

тамақтануына көңіл бөле отырып, алыс елді-мекендерде тұратын оқушыларды мектепке дейін және үйге кері жеткізілуін қатаң бақылауға алынсын;

6. акцияның өту барысын бұқаралық ақпарат құралдарында көрсету бойынша шара қабылдансын;

7. мектеп жасындағы балаларды оқумен қамту мәселесі бойынша педогогикалық кеңестер өткізілсін;

8. аудан мектептерде акция өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленсін.

Акцияның өтуі туралы аралық ақпаратты ағымдағы жылдың 04, 14, 24 тамыз және 04, 14, 23 қыркүйек күндері білім басқармасының (*vseobuch_musrepova@mail.ru*) электрондық мекен-жайына жолдансын.

Акцияның өткізілу қорытындысы туралы ақпарат аналитикалық хатпен, фотоматериалдармен және БАҚ шыққан материалдардың көшірмелерімен қоса білім бөліміне 2026 жылғы 23 қыркүйегіне дейін жіберілсін.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімі бас маманы С. Б. Есимоваға жүктелсін.

Негізі: Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасының 2026 жылғы 28 шілдедегі № 1142 бұйрығы

Басшы **Э. Карабаева**

Бұйрықпен таныстым
29.07.2026 ж. С. Есимова